



БҰЙРЫҚ

Абай облысы, Семей қаласы

ПРИКАЗ

№

область Абай, город Семей

Жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен тамақтандыру жүзеге асырылатын мектептерде 2025 - 2026 оқу жылына арналған перспективалы төрт апталық маусымдық мәзірді бекіту туралы

«Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2025 жылғы 4 наурыздағы 16 бұйрығының 3-тарауының 64, 65-тармақтарына және «Үлгілік перспективалық мектеп мәзірін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 135-НҚ бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Осы бұйрыққа 1,2 және 3 қосымшаларға *(асханасы жоқ шағын жинақтандыру мектептері мен білім беру ұйымдарында «ланч-пакет» түрінде тамақтануды ұйымдастыру «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) сәйкес перспективтік төрт апталық маусымдық мәзір бекітілсін.*

2.«Абай облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімі осы бұйрықты «Абай облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының *(меншік нысанына қарамастан)* назарына жеткізсін.

3.Медицина ұйымдарының басшылары осы бұйрықты білім беру ұйымдарындағы медициналық кабинеттер қызметкерлерінің назарына жеткізсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Абай облысының Денсаулық сақтау басқармасы ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысының орынбасарына жүктелсін.

5.Осы бұйрық 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Басшы

Т. Молдабеков